




СИНТЕТИКАЛЫҚ АНТИМИКРОБТЫ ЗАТТАР

ЛЕКЦИЯ №13


ЖІКТЕМЕСІ:

- **Сулфаниламидтер:** сульфадимезин, сульфадиметоксин, сульфален
- **Хинолон туындыларының 1-буыны (8-оксихинолиндар):** хлорхинальдон, хиниофон, энтеросептол, нитроксолин
- **Хинолон туындыларының 2-буыны:** налидикс қышқылы (невиграмон), пипемидий қышқылы (палин)
- **Хинолон туындыларының 3-буыны (фторхинолондар):** ципрофлоксацин, эноксацин, норфлоксацин, офлоксацин ж.т.б.
- **Нитрофуран туындылары:** фуразолидон, нитрофурал
- **Хиноксалин туындылары:** хиноксидин, диоксидин
- **Нитроимидазол туындылары:** метронидазол



Сульфаниламидтер

- **Сульфадимезин, сульфадиметоксин, сульфален ж.т. б.-**
- әсер ету спектрі кең антибактериялық заттар.
- Бактериостатикалық әсерінің механизмі сульфаниламидтер бактериялардың өсіп-көбеюіне қажетті фолий қышқылының синтезін тежеуімен байланысты.
- **Ко-тримоксазол, бактрим, потосептил ж.т.б.** фолий қышқылының белсенуін тежейтін *триметоприммен* сульфаниламидті біріктіріп жасаған препараттар кезде бактериоцидтік әсер көрсетеді.



Сульфаниламидтердің қолдану көрсеткіштері:


- тыныс алу, өт және несеп шығару жолдарының инфекцияларының жіті және өршу кезеңдерінде,
- әртүрлі жергілікті іріңді инфекцияларды жедел кезеңінде емдеуде
- іріңді менингит.



СА-ның жанама әсерлері

- аллергиялық реакциялар
- гемолиздік анемия, тромбоцитопения
- бүйректің және несеп шығару жолдарының зақымдануы: альбуминуриямен, гематуриямен, цилиндуриямен, кристалуриямен сипатталады





Хинолон туындыларының 1-ші ұрпағы (8-оксихинолиндар):
нитроксолин, энтеросептол, интестопан)

- Бұл препараттардың антибактериялық әсері кең, сонымен қатар қарапайымдыларға қарсы (трихомонада, амеба, лямблий) саңырауқұлаққа қарсы (кандидаға әсер етеді).
- Құрамында галогенді қосылыстар бар (хлор, бром, йод). Сондықтан олардың нерв жүйесіне зақымдаушы әсері бар (невриттерге әкеледі, әсіресе көру нервін бұзады).
- **Энтеросептол** АІЖ арқылы сіңбейді, сондықтан ішек ішіндегі инфекцияларға баяу әсерін тигізеді. Көбінесе антибиотиктер жақпаған жағдайда, сульфаниламидтермен бірге қосып, ішек парезінде қолданады.
- *Жанама әсерлері:* йодизм симптомдары (тұмау, жөтел, гастрит). *Қолдануға қарсы көрсетімдер:* көру нервiнiң аурулары,
- невриттер, бауыр, бүйрек қызметiнiң бұзылыстары, йодқа аллергия кезiнде.




▣ **Нитроксалин (5-НОК)**

▣ несеп шығару жолдарының инфекциясы кезінде қолданатын кең спектрлі антибактериялық препарат.

▣ *Жанама әсерлері:* тәбеттің болмауы, аллергиялық реакциялар, кейде тахикардия, бас ауыруы, полинейропатия, бауыр қызметінің бұзылуы.




Хинолон туындыларының 2-ші ұрпағы: налидикс қышқылы (невиграмон), пипемидий қышқылы (палин)

- **Налидикс қышқылы (невиграмон, неграм)**
 - әсер етуі бойынша антибиотиктерге ұқсас, кең спектрлі. Грам теріс және грам оң микроорганизмдерге әсер етеді.
 - Мөлшеріне байланысты бактерицидті және бактериостатикалық әсер етеді.
 - Антибиотиктер және сульфаниламидтерге тұрақты штаммдарды жояды.
 - Бүйрек арқылы 80%-ға дейін өзгермеген күйде шығарылады, сондықтан көбіне несеп шығару жолдарының, АІЖ инфекциясы кезінде қолданады.
 - *Жанама әсерлері:* диспепсиялық бұзылыстар және аллергиялық реакциялар (дерматит, эозинофилия, фотодерматоз).
-
- 

Хинолон туындыларының 3-ші ұрпағы: Фторхинолон туындылар барлық гр- және гр+ бактерияларға әсер етеді. Оларға ішек таяқшасы, салмонелла, энтеробактер, стафилококк, листерия, нейсерия, бруцелла, хламидия өте жоғары сезімтал болып келеді.

- **Ципрофлоксацин, эноксацин, офлоксацин ж.т.б.**
- **Әсер ету механизмі** : ДНҚ қызметін және құрылымын қадағалап отыратын ДНҚ-гидразаны тежейді, осылайша бактерияның өлуіне әкеледі (бактерицидты әсер)



Жанама әсерлері:



ЖҚЖ- тахикардия, мигрень, талып қалу жағдайлары.

АІЖ- лоқсу, құсу, диарея, іш ауыру, метеоризм, тәбеттің төмендеуі, сарғаю, гепатит, бауыр некрозы

ЖЖ- бас айналу, бас ауыру, шаршағыштық, қозғыштық, тремор, тершендік, қорқу сезімі, шошыну, галлюцинация, депрессия

Қан тұзу жүйесінің тежелуі, аллергиялық реакциялар, фотосенсибилизация, флебит, тератогендік, мутагендік әсер етеді.

Токсикологиялық ерекшелігі: өсіп келе жатқан ағзада артропатия туғызуы мүмкін, ол буынның шеміршекті беткейінде көпіршіктер және эрозиялардың дамуымен сипатталады.

Сондықтан хинолондарды, фторхинолондарды және 8-оксихинолин туындыларын балаларға және жасөспірімдерге, жүкті және бала емізетін әйелдерге тағайындауға болмайды.



Хиноксалин туындылары: вульгарлы протейге, көк ірінді таяқшаға, клебсиеллы (Фридендер) таяқшасына, ішек және дизентерия таяқшасына, сальмонелла, стафилококктарға, стрептококктарға, гангрена қоздырғышына әсер етеді.

- **Әсер ету механизмі** ДНҚ және РНҚ-ның түзілуін бұзумен байланысты болады.
- **Хиноксидин**– әсер ету спектрі кең. Өртүрлі ірінді қабыну үрдістерінде, кистоциститтерде, өкпе абсцессінде, ішек дисбактериозында, ауыр септикалық жағдайларда таңдау препараты болып табылады, себебі бұл препаратты тек қана антибиотикке тұрақтылық дамыған кезде тағайындайды.

Жанама әсерлері: диспепсиялық бұзылыстар, аллергиялық реакциялар, тырысулар, бас айналу, кандидамикоз

- **Диоксидин** Хирургиялық және фтизиатриялық тәжірибеде қолданады.

Қолдануға қарсы көрсеткіштер – бүйрек, бүйрек үсті безінің жетіспеушілігі, жүктілік, лактация, 18 жасқа дейінгі балалар.



Нитрофуран түрлері (фурацилин, фуразолидон, фуразолин, фурадонин, фурагин, нитрофурантоин) грам теріс және грам оң бактерияларға, трихомонада, лямблийге әсер етеді. Мөлшеріне байланысты бактериостатикалық және бактерицидты әсер көрсетеді.

Әсер ету механизмі: микробты жасушаның бөлінуіне және өсуіне қажетті биохимиялық үрдістерге қатысады.

- Микроағзалардың резистенттілігі пайда болмайды.
- Нитрофурандар ағзаның инфекцияға төзімділігін жоғарылатады.
- препараттар фармакокинетикасы және фармакодинамикасына қарай ерекшелінеді.

Фурацилин хирургиялық ауруларды және іріңді жараларды емдеу үшін жергілікті антисептик ретінде қолданады.

Фуразолидон АІЖ-ның ауруларында қолданады: лямблиоз, созылыңқы дизентерия, паратиф.

Фуразолин, фурадонин, фурагин – несеп шығару жолдарының инфекциясында қолданады.

Жанама әсерлері:

- Метгемоглобинемия, эритроциттердің гемолизі, диспепсиялық реакциялар (лоқсу, құсу), аллергиялық реакциялар, бас ауыруы.



Нитроимидазол туындылары: Метронидазол

- ▣ Әсер ету механизмі: микробтың жасушасында ДНК-ның репликациясын және нәруыздардың синтезін бұзып тастайды және ұлпаларындағы тыныс алуды тежейді.
- ▣ Әсерінің спектрі: көптеген анаэробтық микроорганизмдер (бактероидтар, клостридиялар, фузобактериялар, пептострептококктар ж.т.б.) және қарапайымдылар (трихомонадалар, лямблиялар ж.т.б.).



-
- Қолдануға арналған көрсетімдер: қосалқы (аэробты және анаэробты) инфекцияларды емдегенде қолданылады.
 - Пародонтологияда жергілікті түрде талаураған және ойықжаралы гингивитті емдегенде қолданылады. Пародонтиттің емінде жүйелі антибиотикотерапияда негізгі тандалатын препарат.
 - Жанама әсерлері: ішке қолданылғанда тәбеттің төмендеуі, ауыздың кебуі және жағымсыз дәмнің пайда болуы, жүрек айнуы, құсу, іштің өтуі байқалады; осымен қатар бастың ауруы, аллергиялық реакциялар, лейкопения болуы мүмкін.
 - Метронидазол алкогольдің метаболизмін бұзып, организмде интоксикация тудыра алады, несептің түсін өзгертеді.
 - Қарсы көрсетімдері: жүктілік кезінде, қан аурулары бар кезде, нерв жүйесінің белсенді ауруларында қолдануға болмайды.
 - Препаратты қолданғанда және қолданғаннан кейін 48 сағат өткенше арақ, шарап ішуден бас тарту қажет
-



-
- Стоматология практикасында кеңінен жергілікті қолданылатын көптеген жақпамайлар, пленкалар, гельдердің құрамына кіреді.
 - **Метрогин** – тіс беткейіне (денталді) қолданылатын губка түрінде тағайындалған метронидазолдың препараты. Пародонттық қалталарды механикалық жолмен тазарту үшін қосымша препарат ретінде қолданылады.
 - **Гриazole** – гангреналық пульпитті емдеуге арналған метронидазолдың жергілікті қолданылатын препараты. Антисептикалық және биохимиялық әсері бар (ұлпалардың катаболизмдік ыдырауын тоқтатады).
-

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ

